

**Ж. Қанышев, Б. Маженов, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: А. Б. Жұмашева, оқытушы, заң ғылымдарының**  
**магистрі**  
**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің, экономика,**  
**бизнес және құқық колледжі)**

## **БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ — ҚОҒАМ МІНДЕТІ**

Халықаралық балалардың құқықтарын қорғау — тарихи тұрғыдан алғанда, салыстырмалы түрде жас құбылыс. Бала құқықтарының конституциясы деп аталатын Бала құқықтары туралы конвенцияның тек 1989 жылы қабылданғанын еске түсірсек те жеткілікті. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі алғашқы ұйым әлемде 1919 жылы пайда болды, 1924 жылы — Ұлттар лигасының Женева бала құқықтары туралы декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары декларациясы қабылданды, 1979 жыл Халықаралық Бала жылы болып жарияланды және тек он жыл өткеннен кейін ғана Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды. Балалардың ең абзал мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы бала құқықтарын қорғау мақсатын көздейтін неғұрлым маңызды конвенциялар қосылды: Бала құқықтары туралы конвенция 1994 жылы бекітілді, 1999 жылы Шетелдегі алименттерді өндіріп алу туралы конвенция бекітілді, 2000 жылы - Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас мөлшері туралы конвенция, 2001 жылы — балаларды сатуға, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттама және әскери қақтығыстарға балалардың қатысуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттама, 2002 жылы - Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы МОТ Конвенциясы (Конвенция 182), 2004 жылғы қарашада Қазақстан Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікке пайдалануына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясына және оған Қорытынды хаттамаға қол қойды. Нормалары Қазақстан аумағында қолданылатын, балалар құқықтарын қорғау саласындағы неғұрлым маңызды халықаралық құжат Бала құқықтары туралы конвенция болып табылады. Бала құқықтары туралы конвенцияны Қазақстан Республикасының қандай да бір ескертулерсіз бекітуі шеңберінде мемлекеттің балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету кепілдіктерін қоғамға беруге тиіс шекараларын белгіледі. «Баланың құқықтары туралы» Заңда балалардың мүдделеріне орай мемлекеттік саясат мақсаттары айқындалған, бірақ оны іске асыру тетіктері жоқ. Кәметке толмаған балалардың құқыққа қарсы қызметін ескерту мақсатында «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заң кәметке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыздықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жорамалдайды, бұл балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтауға қатысты мемлекеттік саясат элементі болып табылады және кәметке толмаған балалар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді жасауды, кәметке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыздықтың алдын алу жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді қамтиды. Бала құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы халықаралық нормаларды енгізу процесі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын дамытуда және жетілдіруде өз көрінісін тапты. Бала құқықтары туралы конвенцияның жалпы принциптері мен нормалары (2, 3, 6 және 12-баптары) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қылмыстық, Қылмыстық

іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне енгізілді. Негізгі қолданылу аясы балалардың құқықтары мен мүдделері болған заңдардың толық кешені қабылданды («Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалар қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» және басқа да Заңдар). Ұлттық және халықаралық нормалардың неғұрлым егжей-тегжейлі және толық сәйкестендіру мақсатында қолданыстағы заңнама актілеріне түзетулер, толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Конвенцияның 28-бабы мемлекеттің тегін және міндетті бастауыш білім берумен қамтамасыз ету және тегін орта білім беру жөніндегі міндеттемесін көздейді, ал ҚР Конституциясының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім алу міндетті. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Осылайша, заңнама Конвенция нормаларын кеңейте отырып, азаматтардың тек тегін бастауыш білім ғана емес, сонымен бірге тегін орта білім алуына да кепілдік береді.

«Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар деп белгіленген. Аталған баптың 4-тармақшасында баланы ауыр қара жұмысқа, зиянды және (немесе) еңбек жағдайы қауіпті жұмыстарға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады. Жұмыс істеу оқу процесін бұзбауға тиіс.

Тұтастай алғанда, баланың оның көзқарасын құрметтеуге, туылғанын тіркеуге, тиісті ақпаратқа қол жеткізуге, отбасының болуына, денсаулығы мен медициналық қызмет көрсетуге, білім алуға, бос уақыты мен мәдени қызметіне, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің іске асырылуына, азаптаудан және қатігездікпен қараудан қорғалуға, сондай-ақ панасыз балалар мен мүгедек балалардың ерекше қорғалуына құқықтарымен байланысты мәселелер, әрқашанда қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі.